«Ақмола облысы
білім басқармасының
Шортанды ауданы
бойынша білім бөлімі »
мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение
«Отдел образования по
Шортандинскому району
управления образования
Акмолинской области

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жыл 30 маусым **№ 179/а- ж/қ**

**Шортанды ауданы бойынша
білім беру ұйымдарының педагог
қызметкерлерін аттестатау туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 өзгерістерімен) сәйкес және аудандық аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 22 маусымдағы шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Педагог қызметкерлерге тиісті біліктілік санаттары берілсін (расталсын) және а.ж. 1 қыркүйектен бастап « педагог-модератор» біліктілік санаттары үшін қосымша ақы белгіленсін.

2. Аудандық мекемелердің басшылары аудандық аттестаттау комиссясының шешімі негізінде аттестаттау ережесінің 98- тармағына сәйкес «педагог» санатына төмендетілген және 122 –тармағына сәйкес бір деңгейге төмендетілген педагогтер бойынша тиісті шаралар қабылдасын.

3. Мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш білдірген педагог қызметкерлердің қолда бар біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталсын.

4. Өтініш білдірген педагог қызметкерлердің зейнеткерлік жасқа жеткенше қолда бар біліктілік санаты сақталсын және жүктілікке және босануы бойынша немесе бала үш жасқа толғанға дейін өтініш білдірген педагог қызметкерлердің біліктілік саната бір жылға ұзартылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды білім бөлімінің бас маманы А.М.Мажиновага жүктелсін

Басшы **Ш.Ахметова**